



**«Болашақ» мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары**

**Тақырыбы:** «Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыта отырып, жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын, білім сапасын көтеру»

**Максаты:**

Оқушыларды тәрбиелеу және білім сапасын көтеру үшін оқу үдерісінде жаңа педагогикалық жаңа технологияларды көптеп қолдану;

мұғалімдердің педагогикалық және кәсіби шеберлігімен оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту, ойын, көзқарасын еркін айта білуге, шығармашылық ізденіске, жүйелеп жазуға, пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып білімдерін көтеру.

**Міндеттері:**

- оқудың әртүрлі стратегияларын қолдану дағдыларын дамыту, атап айтқанда, білім алушылардың оқығанын біріктіру, жинақтау және бағалау дағдыларын дамыту;
- өз пікірін білдіруді қажет ететін тапсырмаларды қолдану (ашық сұрақтардың көмегімен);
- оқылатын мәтінді таңдауда сараланған тәсілді қолдану, белгісіз сөздердің үлесі немесе оның байланысы мен құрылымы арқылы мәтіннің күрделілігін анықтауға болады;
- цифрлық мәтіндермен, соның ішінде интернет-ортада жұмыс жасау дағдыларын дамытуға машықтандыру;
- оқу және цифрлық сауаттылыққа үйрету бағдарламаларын кіріктіру
- оқушыларды қорытынды аттестациялауды ұйымдастыру және сапалы өткізу.
- дарынды балаларды олимпиадаларға, ғылыми жобалар байқауына дайындау;

**Күтілетін нәтиже:**

- ✓ -мұғалімдер әдістемелік шеберлігін, кәсіби деңгейін арттыру арқылы сапалы білімге қол жеткізеді;
- ✓ -ерекше қабілетті оқушыларды анықтап, қабілетіне қарай шығармашылыққа баулиды.

| p/c | Іс-шаралар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Мерзімі           | Жауапты                                            | Орындалуы                                                     | Нәтиже               |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|----------------------|
| 1   | Өткен оқу жылындағы бірлестіктің атқарған жұмысына талдау жасау және жаңа 2023-2024 оқу жылының мақсатын, міндетін айқындау.                                                                                                                                                                                                                                                                      |                   |                                                    |                                                               |                      |
| 2   | 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын құру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Тамыз             | ӘБЖ, пән мұғалімдері                               | ӘБ отырысы<br>ӘБ отырысында<br>Директор<br>жанындағы<br>кеңес | Хаттама №1           |
| 3   | «2023-24 жылғы ҚР-да орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» ӘНХ 2024 жыл.<br>Толықтырулар мен өзгерістер. № 382 Бұйрық.<br>Сағат жүктемесі 2022 жылғы 12 тамыздағы №365; 30 қыркүйектегі №412 бұйрықпен бөлінуі туралы.<br>Күнтізбелік тақырыптық жоспар 2022 жылғы 3 тамыздағы 348 бұйрықпен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды даярлау, бекіту. |                   |                                                    |                                                               |                      |
| 4   | 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктерімен танысу.<br>5-8,10 сыныптарда оқу жылының соңында қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырылуы туралы.<br>11 сынып оқушыларының мемлекеттік емтихан және ҰБТ-ға, 9 сынып оқушыларының ББМЖ –на дайындық жоспарын құру;                                                                                                                                           |                   |                                                    |                                                               |                      |
| 5   | 05 қыркүйек – ҚР Тілдер мерекесіне орай іс- шаралар ұйымдастыру.<br>Тілдер мерекесін атап өту. Жоспарды құру, бекіту. Тіл туралы өлең оқу, эссе жазу.                                                                                                                                                                                                                                             | Қыркүйек<br>Үнемі | ӘБЖ, пән кабинет жетекшісі<br>ӘБЖ, пән мұғалімдері | ӘБ отырысында                                                 | Хаттама №2           |
| 6   | Жазу дәптерлері мен оқулықтарға, шығармашылық жұмыстарға, БЖБ, ТЖБ жұмыстарының мазмұны мен сапасының мән беру.<br>Тілдік пәндер бойынша БЖБ жүргізу үшін ағымдағы бақылауды өткізу кезінде оқу сауаттылығын дамыту мақсатында жылына кемінде 2 рет эссе, шығарма; жылына кемінде 4 рет диктант, мазмұндама жазу ұсынылады.ӘНХ. 2023-24ж. 22-бет.                                                 |                   |                                                    |                                                               |                      |
| 7   | Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарын жасау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                   |                                                    |                                                               |                      |
| 8   | Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау<br>Мұғалімдердің аттестациядан өтуі туралы 5 жылдық перспективалық жоспар.<br>Мұғалімдердің білім жетілдіру курсынан өтуі туралы 5 жылдық перспективалық жоспар. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді анықтау, сабақтарына ену, талдау жасау.                                                                                                             | Қазан<br>үнемі    | ӘБЖ, пән мұғалімдері                               | ӘБ отырысында                                                 | Хаттама №3<br>Талдау |
| 9   | Қазақтың батыры, ақыны Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                   |                                                    |                                                               |                      |

|    |                                                                                                                                                                                                        |           |                      |                         |                        |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|----------------------|-------------------------|------------------------|
|    | мерейтойына орай «Ереуіл атқа ер салмай...» тақырыбында 5-8 сынып оқушылары арасында эссе жазуды ұйымдастыру                                                                                           |           |                      |                         |                        |
| 10 | Жиынтық бағалау нәтижелерін талдау<br>Шығармашылық жұмыспен айналысатын мұғалімдерді анықтап, жұмысына талдау жасау. Мұғалімдер портфолиосы                                                            | қараша    | ӘБЖ, пән мұғалімдері | ӘБ отырысында           | Хаттама №4<br>Талдау   |
| 11 | «Жас маман» байқауына дайындық. Жас мамандарға әдістемелік көмек. Мектепшілік пән олимпиадасына материалдар дайындау<br>Қалалық олимпиадаға қатысатын оқушыларды анықтау, дайындық жұмыстарын жүргізу. | үнемі     | ӘБЖ, пән мұғалімдері | Сабак өтетін сыныптарда | Хаттама №5             |
| 12 | Қашықтық олимпиадаға мұғалімдерді және оқушыларды қатыстыру.<br>Оқушыларды ҰБТ, ББМЖ-ға және қорытынды аттестаттауға дайындау және талдау.                                                             | жыл бойы  | ӘБЖ, пән мұғалімдері | Байқау<br>ӘБ отырысында | Хаттама №6             |
| 13 | Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен атқарылған жұмыстардың нәтижелерін қарау, талдау.<br>Оқушыларды қалалық олимпиадаға, түрлі байқауларға қатыстыру.                                              | желтоқсан | ӘБЖ, пән мұғалімдері | Акт залы                | Хаттама №7             |
| 14 | Ұлы жүздің биі Төле бидің туғанына 360 жыл толуына орай 9-11-сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел.                                                                                                  | қаңтар    | ӘБЖ, пән мұғалімдері | ӘБ отырысында           | Хаттама №8             |
| 15 | Бірлестіктегі пән мұғалімдерін аттестаттауға ұсыну.                                                                                                                                                    | ақпан     | ӘБЖ, пән мұғалімдері | ӘБ отырысында           | талдау                 |
| 16 | «Ертегіліер елінде» қазақ тілді емес оқушылар үшін іс-шаралар өткізу.                                                                                                                                  | наурыз    | ӘБЖ, пән мұғалімдері | ӘБ отырысында           | Хаттама №9             |
| 17 | Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл мерейтойын атап өту.                                                                           | сәуір     | ӘБЖ, пән мұғалімдері | Акт залы                | Жоспар,<br>өтілу есебі |
| 18 | Мемлекеттік және сыныптан-сыныпқа көшіру емтихандарының материалдарын дайындау, өткізу, нәтижесін қорытындылау                                                                                         | мамыр     | ӘБЖ, пән мұғалімдері | ӘБ отырысында           | Қорытынды есеп         |
| 19 | ӘБ бойынша атқарған жұмыстарға қорытынды жасау.<br>Келесі оқу жылының жүктемесімен танысу.                                                                                                             | мамыр     | ӘБЖ, пән мұғалімдері | ӘБ отырысында           | Хаттама №10            |

Директор орынбасары:

А.З.Скахова

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:

Ф.К.Керимбекова